

«Өнімдердің (тауарлардың) көтерме сауда (жеткізілім) бағасы туралы есеп» 1-Б (көтерме) (айлық) статистикалық нысанын толтыру бойынша нұсқаулық

Инструкция по заполнению статистической формы 1-Ц (опт) (месячная) «Отчет о ценах оптовых продаж (поставок) продукции (товаров)»

1. Статистикалық бақылау мақсаты

Байқау мақсаты тауар алмасудың қалыпты және тауардың (өнімнің) сапа сипаттамасының тұрақты жағдайдағы тауардың (өнімнің) баға деңгейінің өзгеруін анықтау болып табылады.

2. Респонденттер тобы

Көрсетілген нысанды қызметтің негізгі түріне қарамастан өнімдердің (тауарлардың) көтерме саудасын (жеткізілімін) жүзеге асыратын заңды тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері ай сайын толтырып, мемлекеттік статистика органдарына тапсырып отырады.

3. Нысанда пайдаланылатын терминдер және анықтамалар

Көтерме сауда бағасы – бұл сатушының сатып алушыға сатылған өнімнің (тауардың) келесі алып-сату немесе кәсіби қолдану мақсатында өткізу бағасы.

Таңба – сауда белгісі; тауарға қойылған сауда белгісі.

Сорт – тауарлардың жекелеген топтарын сапасына қарай сұрыптап бөлу.

Орама – өнімді қоршаған ортаның әсерінен, бұзылудан және шашылу шығынынан қорғауды қамтамасыз ететін құрал (ыдыс, қағаз, жұқалтыр және басқалары) немесе құралдар кешені.

4. Статистикалық белгілер каталогының (СБК) сипаттамасы

Көтерме сауда партиясының көлеміне қарай сараланған көтерме сауда бағалары:

стандартты көтерме сауда – көтерме сауда жеткізілімінің көлемі бойынша стандартты, әдеттегі партиясының бағасы көрсетіледі;

ірі көтерме сауда – партия көлемі бойынша стандартты партиядан жоғары (әдетте ең төмен баға);

шағын көтерме сауда – партия көлемі бойынша стандартты партиядан төмен (әдетте ең жоғары баға).

Мысалы: қанттың 1 кг үшін келесі бағалар белгіленді: 50 кг (1 қап) жеткізілімі – 90 теңге, 100 кг (2 қап және одан көп) – 88 теңге, 1000 кг (20 қаптан астам) – 85 теңге. Тиісінше стандартты көтерме сауда бағасы = 88,00; ірі = 85,00; шағын = 90,00.

5. Әдіснамалық түсініктемелер

1) 1-Б (көтерме) нысаны бойынша есеп бекітілген **прайс-парақтар** немесе бухгалтерлік есеп негізінде толтырылады. Осы күндері тауардың сатылуы жүзеге асырылғанына қарамастан айдың 20-шы күніне немесе оған жақын күндегі жағдай бойынша қолданыстағы бағалар көрсетіледі.

2) Бағаны тіркеу жыл ішінде тұрақты болатын олардың нақты сипаттамасы бар өкіл-тауарлар бойынша жүргізіледі. Тауардың сипаттамасының елеулі түрде өзгеруінде (мысалы, басқа жеткізуші) мәліметтер жаңа өкіл-тауары ретінде енгізіледі.

3) Таңдалған өкіл-тауар жататын өнім түрлері өлшемінің коды және бірлігі бекітілген нысанның Анықтамалыққа (бағандар С, Д, Е) сәйкес көрсетіледі. Өкіл-тауарлардың толық атауы жазылады, оның айрықша ерекшеліктері көрсетіледі.

4) Көтерме сауда партиясында өкіл-тауардың көрсетілген өлшенген орамына немесе мөлшеріне (мысалы, қорап үшін – 200гр. немесе 3м*4м - кілем үшін) баға қою **дұрыс емес**, бекітілген өлшем бірліктеріне сәйкес бір килограмм немесе бір шаршы метрге қайта есептелген баға – **дұрыс**.

5) ҚҚС-ы және басқа да салықтарды қосатын, бірақ тауарларды тұтынушыларға дейін (тауарды өздігінен шетке шығару) жеткізу шығыстарын есепке алмайтын баға көрсетіледі.

6) Түрлі жеңілдіктерді қолдану есебінен бағаның өзгерісі көрсетілмейді.

1. Цель статистического наблюдения

Целью наблюдения является определение изменения уровня цен на товары (продукцию) при неизменных условиях осуществления товарообмена и постоянства качественных характеристик товара (продукции).

2. Круг респондентов

Указанную форму заполняют и представляют ежемесячно в органы государственной статистики юридические лица и их структурные подразделения, осуществляющие оптовую продажу (поставки) продукции (товаров) независимо от основного вида деятельности.

3. Термины и определения, используемые в форме

Оптовая цена – это цена на продукцию (товар), реализуемую продавцом покупателю с целью его последующей перепродажи или профессионального использования.

Марка – торговый знак; фабричное клеймо на изделиях.

Сорт – разделение товаров по качеству на определенные группы.

Упаковка – средство или комплекс средств, обеспечивающих защиту продукции от воздействий окружающей среды, повреждений и потерь (тара, бумага, пленка и др.).

4. Описание Каталога статистических признаков (КСПр)

Оптовые цены, дифференцированные в зависимости от размера оптовой партии продажи: **стандартный опт** – отражаются цены за наиболее типичную, стандартную по объему поставки оптовую партию;

крупный опт – когда объем партии больше стандартного (обычно наименьшая цена);

мелкий опт – когда объем партии меньше стандартного (обычно наибольшая цена).

Например, установлены следующие цены за 1кг сахара: при поставке 50 кг (1 мешок) - 90 тенге, 100 кг (2 мешка и более) – 88 тенге, 1000 кг (свыше 20 мешков) – 85 тенге. Соответственно, цена стандартного опта = 88,00; крупного = 85,00; мелкого = 90,00.

5. Методологические пояснения

1) Отчет по форме 1-Ц (опт) составляется на основании утвержденных **прайс-листов** или документов бухгалтерского учета. Указываются цены, действующие по состоянию на 20-е или ближайшее к нему число месяца независимо от того осуществлялась ли продажа товара в эти дни.

2) Регистрация цен ведется по товарам-представителям с конкретной их характеристикой, которая в течение года остается неизменной. При существенном изменении спецификаций товара (например, другой поставщик) данные вводятся как по новому товару-представителю.

3) Код и единица измерения вида продукции, к которому относится отобранный товар-представитель, указываются согласно утвержденному Справочнику (графы С, Д, Е) к форме. Дается полное наименование товара-представителя и его отличительные спецификации.

4) **Неправильно** ставить цену за указанную расфасовку или размер товара-представителя оптовой партии (например, за пачку 200гр. или за ковер 3м*4м), **правильно** - в пересчете за один килограмм или за один квадратный метр согласно утвержденным единицам измерения.

5) Указываются цены, включающие НДС и другие налоги, но не учитывающие расходы по доставке товаров до потребителей (самовывоз товара).

6) Не отражается изменение цены за счет использования различных скидок.